

БЕКІТЕМІН

**«Қарағанды облысының
мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасы»
ММ басшысы**

Жұмакенов Е.К.

« » 2023 ж.

Қарағанды облысының кітапханалары арасында «БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ҮЗДІК ЖОБА» облыстық байқау ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

- 1.1. Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы Қарағанды облысының кітапханалары арасында «Балаларға арналған үздік жоба» облыстық байқауының (бұдан әрі - байқау) құрылтайшысы болып табылады.
- 1.2. Байқаудың ұйымдастырушысы Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы (бұдан әрі - Абай атындағы ОБК) болып табылады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Мақсаты: «Рухани қазына – 2023» мәдениет және өнер саласындағы ұйымдар мен қызметкерлердің Республикалық Фестиваліне жобаларды іріктеу, кітапханалардың инновациялық қызметін жандандыру.
- 2.2. Міндеттері:
 - жоба әдісімен енгізілген жаңашылдықты анықтау;
 - балаларға қызмет көрсететін кітапханалардың қызметінің мазмұнын жаңарту бойынша тың идеяларды іздеу;
 - кітапханалық тәжірибе алмасу және перспективалы инновациялық қызмет түрлерімен бөлісу;

3. Байқауды ұйымдастыру және өткізу

- 3.1. Байқауға Қарағанды облысының барлық көпшілік кітапханалары қатыса алады.
- 3.2. Қатысудың міндетті шарты бойынша 2023 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде ұйымдастыру комитетіне қоса беріліп отырған қатысуға деген өтінімді және жобалық құжаттама пакетін (мемлекеттік және орыс тілдерінде) тапсыру болып табылады.
- 3.3. Бір ОКЖ-ден берілетін жобалардың саны 3-ке дейін рұқсат етіледі.

